

## Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 648 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар мынадай тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді беруші болып белгіленсін:

1) мемлекеттік ақпараттық жүйелердің әлемдік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарға бірігуі мақсатында олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметтің" веб-порталы мен шлюзін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және мемлекеттік органдардың веб-сайттарын құру мен техникалық сүйемелдеу;

3) Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметтің" ақпараттық инфрақұрылымына біріктірілетін мемлекеттік органдардың бағдарламалық-ақпараттық құралдарына жүйелі-техникалық қызмет көрсету, ақпараттық ресурстарын, ақпараттық жүйелері мен дерекқорларын құру, енгізу мен сүйемелдеу, сондай-ақ осы мақсаттар үшін персоналды оқыту;

4) мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қалыптастыру, дамыту, сүйемелдеу кезінде жобаларды ұйымдық-техникалық қолдау және басқару;

5) бірыңғай коммуникациялық ортаны және мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимыл жүйесін құру мен техникалық қолдау;

6) Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін және ақпараттық жүйелер депозитарийін құру, сүйемелдеу және олардың жай-күйінің мониторингі;

7) Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымына біріктірілетін ақпараттық жобаларға техникалық талдау жүргізу;

8) мемлекеттік органдар үшін типтік бағдарламалық қамтамасыз етуді құру және сүйемелдеу;

9) Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде консалтингтік қызметтер және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;

10) Мемлекеттік органдардың ақпараттандыру саласындағы қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік ақпараттық

жүйелер мен ақпараттық ресурстардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
жөнiнде жұмыстар жүргiзу.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.03. N 421  
қаулысымен.

2. "Республикалық ғарыштық байланыс және радиоэлектронды құралдардың  
электромагниттік үйлесімділігі орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам)  
сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар мынадай:

1) радиожилік спектр мен радиоэлектронды құралдар мониторингі жүйесіне  
инженерлік-техникалық қызмет көрсету жөнiндегі;

2) телекоммуникациялық спутникті, ғарыш аппараттарын жерден ілеспе басқару  
кешенін және байланыс мониторингі жүйесін құру жөнiндегі жұмыстарды техникалық  
сүйемелдеу жөнiндегі қызметтерді беруші болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.02.01. N 81 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*